

Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға инвестициялық бағдарламалардың конкурстарын өткізу жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 2 тамыз N 859 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.02.13. N 158 қаулысымен.

Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға инвестициялық бағдарламалардың конкурстарын өткізу жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыру тәртібін анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға инвестициялық бағдарламалардың конкурстарын өткізу жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2002 жылғы
2 тамыздағы N 859
қаулысымен бекітілген

Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға инвестициялық бағдарламалардың конкурстарын өткізу жөніндегі комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын алуға инвестициялық бағдарламалардың конкурстарын өткізу жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - комиссия) жұмысын ұйымдастыру және оның қызметін реттеу тәртібін анықтайды.

2. Комиссия инвестициялық бағдарламалардың конкурсын өткізу әрі Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу саласындағы заңнамасына сәйкес оған жер қойнауын пайдалану құқығын беру үшін конкурс жеңімпазын анықтау мақсатында құрылған тұрақты қызмет ететін орган болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін

және жер қойнауын пайдалану әрі мұнай операцияларын жүргізу саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін басшылыққа алады.

4. Комиссияның жеке және сандық құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен бекітіледі.

2. Комиссияның жұмыс істеу тәртібі

5. Комиссияны төраға басқарады.

6. Комиссия мәжілістері қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі және егер оған комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады.

7. Комиссия шешімі оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады, хаттамамен ресімделеді және міндетті сипатқа ие.

8. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төраға дауысы шешуші болып табылады.

9. Комиссия мүшелерінің ерекше пікірге құқығы бар, ол білдірілген жағдайда жазбаша түрде баяндалуы және комиссия мәжілісінің хаттамасына қоса берілуі тиіс.

3. Комиссияның міндеттері мен функциялары

10. Комиссияның негізгі міндеті Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын алуға инвестициялық бағдарламалар конкурсына қатысушылардың ішінен жеңімпазды анықтау болып табылады.

11. Комиссияның қызмет саласындағы функциялары мыналар болып табылады:

1) конкурстық ұсыныстарды уақытылы және сапалы қарауды қамтамасыз ету;

2) тиісті тұлғалар ұсынған конкурстық ұсыныстарды бағалау;

3) Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын беру рәсімін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

4. Комиссияның құқықтары

12. Комиссияның белгіленген тәртіппен және оның құзыретіне енетін мәселелер бойынша мынадай құқықтары бар:

1) конкурсқа қатысу үшін қабылданған конкурстық ұсыныстарды бағалау мен салыстыру және жеңімпазды анықтау;

2) конкурсқа қатысушылар берген конкурстық ұсыныстар шамамен тең болған жағдайда олардың конкурстық ұсыныстарын жақсартулары жөнінде шешімдер қабылдау;

3) бір ғана өтінім беруші қатысқан жағдайда конкурсты өтпеді деп тану және объектіні жер қойнауын пайдалану құқығын алуға инвестициялық бағдарламалардың конкурсынан алып тастау немесе қайтадан конкурс белгілеу;

4) конкурстық ұсыныстарды қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін конкурсқа қатысушылардан олардың конкурстық ұсыныстарына байланысты түсіндірмелерді сұрату;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын беру рәсімін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

6) қажетті ақпаратты мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, өзге тұлғалардан сұрату;

7) мәжілістерде комиссия мүшелерін, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың жауапты өкілдерін, өзге де тұлғаларды тыңдау;

8) комиссия құрамын өзгерту туралы ұсыныстар енгізу;

9) конкурстық ұсыныс Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 108 қаулысымен бекітілген Жер қойнауын пайдалану құқығын беру тәртібінің ережелері сақталмай берілген жағдайда оны қарамау;

10) қажет болған жағдайда тиісті салалардағы мамандардың ішінен сарапшыларды тарту;

11) жер қойнауын пайдалану құқығын алу үшін өтінім берушіні конкурс жеңімпазы деп тану туралы бұрын қабылданған шешімді заңнамада көзделген тәртіппен жою;

12) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

5. Комиссия қызметінің тоқтатылуы

13. Комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің негізінде өз қызметін тоқтатады.